

11. Ahmed M., *Kâbusnâme, Tercümesi, Haz. Orhan Şaik Gökyağ, Istanbul, 1974, p.85.*
12. Dale E., *The cone of experience, Audio-visual methods in teaching, 1946, pp. 37-52.*
13. *Encyclopedia of Persian-Tajik Prose, Almaty, IP "DAR", 2007, p. 540.*
14. Lukaš M., E. Munjiza, *Education System of John Amos Comenius and Its Implications in Modern Didactics, Život i škola: časopis za teoriju i praksu odgoga i obrazovaja, 60(31), 2014, pp. 32-42.*
15. E.G. Browne, *A literary history of Persia, (Vol. 6), Routledge, 2013, p.283.*
16. N.G. Ergan, *Siyasetnamelerimizde çizilen Devlet Adamı portresinin temel özellikleri Mesnevisi. Ege Üniversitesi Türk Dünyası İncelemeleri, 11(1), 1999, pp. 99-106.*
17. Mç Belenö XVI. *Yüzyıl Nasihatnamelerinden seçkin bir örnek: Hızri-nin Ab-I Hayat, 2011. Belen M. Siyasetnameler ve bir siyasetname örneği: Adab-ı saltanat, 2015. K. Canatan, Siyasetname as an interpretation of traditional philosophy of politics and state on the philosophy of politics and state of great statesman Nizamulmulk, Turkish studies, 4(7), 2009, pp. 194-220.*
18. Aydın.A. "Nâbî ve vehbî'nin nasihat ederken çocuklara yaklaşım tarzları". *Journal of Ottoman Legacy Studies (JOLS) 3.5 (2016): 1-11.*

FTAMP 14.43.45

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.82.2.007>

Ш.Жанысбекова<sup>1\*</sup>, Ж.Даулетбекова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>І.Жансүгіров атындағы Жетісу университет, Талдықорған қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Қазақстан-Британ техникалық университет, Алматы қ., Қазақстан

## НАОКО ТАГУЧИДІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ТӘСІЛІН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПЕДАГОГИКАҒА ИНТЕГРАЦИЯЛАУ: СЫНИ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ ҚОЛДАНУ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада Наоко Тагучидің прагматикалық құзыреттілік туралы зерттеулері мен педогогикалық методологиядағы тиімді қарым-қатынастың маңызды аспектілері қарастырылды. Зерттеудің мақсаты Тагучидің тұжырымдарын бейімдеу арқылы қазақ тілінде оқитын оқушылардың прагматикалық құзіретін арттыруға мүмкіндік беретін педогогикалық методиканы жетілдіру. Осы мақсатқа жету үшін авторлар Тагучидің 2000 жылдардан бастап осы кезге дейінгі жариялаған ғылыми еңбектеріне сыни талдау жасалып, прагматикалық оқытуға және қазақ тілін үйренушілер арасында прагматикалық құзыреттілікті арттыру стратегияларына назар аударады.

Негізгі нәтижелер Тагучи зерттеулерінің хронологиялық эволюциясын жүйелеп көрсетті. Шолуда прагматикалық құзіреттілікке қатысты 2000 жылдардың алғашқы кезеңдеріндегі зерттеулерінен бастап, прагматикалық оқыту технологиясының жетілдірілген саласындағы соңғы әзірлемелерге дейін қамтылады. Тагучидің жұмысынан алынған негізгі идеялар контексттелген және интерактивті оқыту ортасының маңыздылығын және технологияның, әсіресе цифрлық ойындардың тілдің прагматикалық аспектілерін оқытудағы тиімділігін қамтиды.

Мақалада осы идеяларды қазақ тілін оқытушы педогогтардың сабақ беру тәсілдері ретінде тәжірибеде сынауды және қолдануды ұсынылады. Бұл интерактивті және контекстке бағытталған оқыту үшін цифрлық құралдарды пайдалануды және оқыту әдістерін Қазақстанның бірегей мәдени және тілдік контекстіне бейімдеуді көздейді. Бұл стратегиялар қазақ тіліндегі оқушылардың жан-жақты прагматикалық құзыреттілігін дамытуға, оларды әртүрлі контексте тиімді қарым-қатынас жасауға дайындауға бағытталған.

**Түйін сөздер:** прагматикалық құзыреттілік, оқушы, оқыту әдістемесі, коммуникативтілік.

Жанысбекова Ш.,\*<sup>1</sup> Даулетбекова Ж.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Жетысуский университет имени И.Жансугурова, г.Талдыкорган, Қазақстан

<sup>2</sup>Казахстанско-Британский технический университет, г. Алматы, Казахстан

## ИНТЕГРАЦИЯ ПРАГМАТИЧЕСКОГО ПОДХОДА НАОКО ТАГУЧИ В КАЗАХСТАНСКУЮ ПЕДАГОГИКУ: КРИТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ И ПРАКТИЧЕСКОЕ ПРИМЕНЕНИЕ

### Аннотация

В этой статье были рассмотрены обширные исследования прагматической компетентности Наоко Тагучи и важный аспект эффективного общения в изучении языка. Цель и задачи исследования включают адаптацию выводов Тагучи для улучшения преподавания казахского языка, включая систематический обзор работы Тагучи, выявление культурных и лингвистических адаптаций к прагматическому обучению и предоставление стратегий повышения прагматической компетентности среди изучающих казахский язык.

Основные результаты систематизировали хронологическую эволюцию исследований Тагучи. Обзор охватывает все, от исследований на ранних этапах 2000-х годов, касающихся прагматической компетентности, до последних разработок в области передовых технологий прагматического обучения. Основные идеи, заимствованные из работы Тагучи, включают важность контекстуализированной и интерактивной среды обучения и эффективность технологий, особенно цифровых игр, в обучении прагматическим аспектам языка.

В статье предлагается внедрить эти идеи для обучения казахскому языку. Это предполагает использование цифровых инструментов для интерактивного и контекстно-ориентированного обучения и адаптацию методов обучения к уникальному культурному и языковому контексту Казахстана. Эти стратегии направлены на развитие всесторонней прагматической компетентности изучающих казахский язык, подготовку их к эффективному общению в различных контекстах.

**Ключевые слова:** прагматическая компетентность, учащийся, методика преподавания, коммуникативность.

Zhanysbekova Sh.,\*<sup>1</sup> Dauletbekova Zh.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan

<sup>2</sup>Kazakh-British Technical University, Almaty, Kazakhstan

## INTEGRATION OF NAOKO TAGUCHI'S PRAGMATIC APPROACH INTO KAZAKHSTAN'S PEDAGOGY: CRITICAL ANALYSIS AND PRACTICAL APPLICATION

### Abstract

This article examined Naoko Taguchi's research on pragmatic competence and the most important aspects of effective communication in pedagogical methodology. The study aims to improve the pedagogical methodology that allows for increasing the pragmatic competence of students studying the Kazakh language by adapting Taguchi's conclusions. To achieve this goal, the authors conduct a critical analysis of Taguchi's published scientific works from the 2000s to the present, focusing on pragmatic teaching and strategies for increasing pragmatic competence among Kazakh language learners.

The main results systematized the chronological evolution of Taguchi's research. The review covers everything from his research on pragmatic competence in the early 2000s to recent developments in the advanced field of pragmatic learning technology. Key ideas from Taguchi's work include the importance of a contextualized and interactive learning environment and the effectiveness of technology, especially digital games, in teaching pragmatic aspects of language.

The article proposes to test and apply these ideas in practice as teaching methods for teachers of the Kazakh language. It involves the use of digital tools for interactive and context-oriented learning and adaptation of teaching methods to the unique cultural and linguistic context of Kazakhstan. These strategies are aimed at developing comprehensive pragmatic competence of students in the Kazakh language, preparing them for effective communication in various contexts.

**Keywords:** pragmatic competence, learner, teaching methodology, communicativeness.

**Негізгі ережелер.** Прагматикалық құзіреттілікті қалыптастыру тәсілдері оқушылармен жұмыстың маңызды бөлігі бола отыра, педагогтардан аса мұқияттылықты талап ететін

бағыт. Оқушылардың әртүрлі табиғатына қарамай прагматикалық құзыреттілікті дамыту білім деңгейі мен қарым-қатынас қабілетіне қатар әсер етуді қамтиды.

Наоко Тагучидің прагматикалық тұжырымдарын Қазақстанның педагогикалық шеңберіне сәтті интеграциялау әзірленген педагогикалық стратегиялардың өзектілігін де, тиімділігін де қамтамасыз ететін іргелі принциптерді ұстануды талап етеді. Бұл принциптер Қазақстанның бірегей білім беру және мәдени контекстінде Тагучи тәсілін сыни талдау мен практикалық қолдануды басшылыққа алуға арналған.

**Кіріспе.** Тілдік білім берудің қазіргі өзгермелі кезеңінде прагматикалық құзыреттіліктің маңыздылығы ана тілінде сөйлейтіндер үшін де, қазақ тілі ана тілі емес оқушылар үшін де өзектілігі жоғары. Осы бағытта Наоко Тагучидің «Прагматиканы оқыту: тенденциялар мен мәселелер» еңбегінде кез-келген тілді меңгеру үшін қажетті дағды болып табылатын прагматиканы оқыту әдістері туралы сыни түсінік береді [1]. Бұл шолуда авторлар қазақ тілін үйренушілердің прагматикалық дағдыларын жақсарту стратегияларын ұсына отырып, Тагучидің тұжырымдарын Қазақстан контекстіне бейімдеуге күш салады. Осы әдістемелерді Қазақстанның бірегей лингвистикалық және мәдени нюанстарымен біріктіре отырып, авторлар қазақ тілін үйренушілердің коммуникативтік қабілеттерін байытуға тырысады.

Бұл мақаланың мақсаты – қазақ тілін үйренушілерге арналған Наоко Тагучи еңбектерінің басты тұжырымдарын сыни тұрғыдан талдау және бейімдеу. Мақаланың міндетіне мыналар жатады:

1. Тагучидің еңбетерін жүйелі шолу және ондағы прагматикалық құзыреттілікті қалыптастыру әдістерінің қазақ тілін оқыту контекстінде бейімділігін талдау;
2. Прагматиканы тиімді оқыту үшін мәдени және лингвистикалық маңызды икемділігін анықтау;
3. Қазақ тілін үйренушілердің прагматикалық құзыреттілігін арттыру стратегиясын ұсыну;
4. Теориялық білімді Қазақстандағы оқушылардың әртүрлі топтары үшін практикалық қосымшалармен біріктіру. Бұл міндеттердің барлығы қазақ тілін оқыту шеңберінде жан-жақты прагматикалық құзыреттілікті дамытуға ықпал етуге бағытталады.

Әдебиеттерге шолу барысы Наоко Тагучидің жиырма жылдан астам уақытты қамтитын жұмысын және оның қазақ тіліндегі білім берудегі прагматикалық құзыреттілікті арттырудағы рөлін талдаудың өзектілігін нақтылай түсті. Прагматикалық құзыреттілікті ерте зерттеу 2003-2008 жылдар аралығында жарияланған Тагучидің алғашқы зерттеулері екінші тілде түсіну мен өндірудің прагматикалық тиімділігіне бағытталған. Мұндай еңбектерде тілді үйренуде прагматикалық түсінудің маңыздылығын көрсетеді [2,3]. Оның 2008 жылғы жұмысы прагматикалық дамудағы оқу ортасының рөліне тоқталып, EFL және ESL жағдайлары оқушылардың прагматикалық дағдыларына әртүрлі жолдармен қалай әсер ететінін көрсетеді [4,5].

Технологияны прагматиканы оқытуға интеграциялау 2011-2015 жылдардағы Тагучидің кейінгі жұмыстары технологияны қолдана отырып тіл үйренуді зерттейді. Оның 2011 жылғы зерттеулері L2 тілін білу деңгейі мен шетелдегі оқу тәжірибесінің прагматикалық түсінуге әсеріне назар аударады [6,7]. Ал оның 2015 жылғы зерттеуі прагматикалық оқытудағы технологиялардың, атап айтқанда цифрлық ойындардың әлеуетін көрсететін оқытылатын прагматикаға жан-жақты шолу жасайды [8]. Тілдерді оқытудағы озық технологиялық әдістер 2021-2023 жылдарға тиесілі [9,10]. Тагучи өзінің соңғы жұмысында алғаш рет прагматикалық жаттығуларды орындау үшін иммерсивті виртуалды шындық пен ойынға негізделген оқытуды пайдаланады. Бұл зерттеулер тілдік білім берудің жаңа бағытын ұсына отырып, прагматикалық аспектілерді оқытудағы интерактивті, технологияға негізделген әдістердің тиімділігін көрсетеді.

Тагучидің жұмыстарына жан-жақты шолу осы әдістерді қазақ тілін оқытуға енгізу үшін құнды ақпаратты ұсынады. Сонымен бірге, прагматикалық құзыреттілікті түсіну мен

оқытуда айтарлықтай динамиканың болғанын көрсетеді. Әсіресе оқыту ойындарына негізделген технологиялардың интеграциясы қазіргі педагогикалық үрдістерге сәйкес келетін және қазақ тілін үйренушілердің мәдени және контекстік қажеттіліктерін қанағаттандыратын перспективалы тәсіл болуға қабілетті.

**Материалдар мен әдістер.** Мақала әдістемесі аралас әдістемелік тәсілді қамтиды. Біріншіден, Наоко Тагучидің жылдар бойы зерттеп жарыққа шығарған жұмыстарына жүйелі талдау жасалды. Сонымен қатар, Тагучидің тұжырымдарына байланысты прагматиканы оқыту саласындағы зерттеулер туралы әдебиеттерге ауқымды шолу жасалды. Бұл Тагучидің оқыту әдістерін және олардың қазақ тілін оқытуға қолданылуын егжей-тегжейлі саралауға мүмкіндік береді. Екіншіден, Қазақстанға тән мәдени және тілдік ерекшеліктерге баса назар аудара отырып, сыни талдау жүргізілді. Бұл үрдіс бастапқы нәтижелерді қазақстан контекстімен салыстыруды, ғылыми әлеуетіндегі шектеулерді анықтауды және бейімделудің ықтимал жолдарын ұсынуға бағытталады. Бұл тәсіл қазақ тілін үйренушілер үшін оқытудың прагматикалық әдістерінің мұқият және контекстік тұрғыдан сәйкестендіріп, бейімделуін қамтамасыз етуге жол ашады.

**Нәтижелері мен талдау.** Наоко Тагучидің алғашқы зерттеулері оның диссертациялық жұмысынан бастау алады. 2003 жылғы «Ағылшын тілін екінші тіл ретінде түсіну мен өндірудегі прагматикалық тиімділік» атты диссертациясы прагматикалық құзыреттілікте түсіну мен өндіріс арасындағы байланысты және екінші тілді меңгеру (L2) осы дағдыларға қалай әсер ететінін зерттейді [3]. Тагучидің зерттеуіне ағылшын тілінде сөйлейтіндер де, әр түрлі деңгейдегі жапон колледждерінің студенттері де қатысады. Зерттеу тілдегі жанама мағыналарды, атап айтқанда жанама сөйлеу актілері мен дәстүрлі емес имплицаторларды түсінуге және шығаруға бағытталған. Зерттеу прагматикалық функцияларды түсіну мен дамытуды өлшеу үшін компьютерленген тыңдау тапсырмасы мен ауызша рөлдік ойынды қамтитын аралас әдісті қолданады. Сонымен қатар, зерттеу осы тапсырмаларды орындау жылдамдығы мен дәлдігін қарастырады және прагматикалық оқыту мен L2 деңгейін бағалаудың салдарын талқылайды. Прагматикалық құзыреттілікті жан-жақты зерттеу тілдік білім беру үшін, әсіресе L2 студенттерінің тілдің прагматикалық аспектілерін қалай түсінетінін және қайталайтынын түсіну үшін құнды ақпарат береді.

Қазақ тілін оқыту контекстінде бұл зерттеу қазақ тілін үйренушілер арасында болжамды мағыналарды түсінуді жақсарту стратегияларын әзірлеуде пайдалы болуы мүмкін. Түсіну жылдамдығына емес, дәлдікке баса назар аудару және тілді меңгеру деңгейінің әсері оқыту әдістерін Қазақстандағы оқушылардың әртүрлі топтарына бейімдеу үшін ерекше маңызды. Бұл зерттеудің нәтижелері қазақ тілінің прагматикалық аспектілерін, әсіресе жергілікті емес ана тілінде сөйлейтіндер үшін оқытудың неғұрлым нәзік және тиімді тәсілдерін әзірлеуге басшылық ете алады.

Наоко Тагучидің 2011 жылғы «Ағылшын тілін шет тілі ретінде прагматикалық түсінудің жылдамдығы мен дәлдігін дамыту» зерттеуі ағылшын тілін үйренетін жапондықтар арасында прагматикалық түсіну дағдыларының өсуін зерттейді [11]. Бұл зерттеу әсіресе түсінікті, өйткені ол ағылшын тіліндегі мағыналарды түсінудің дәлдігі мен жылдамдығы уақыт өте келе қалай өзгертетініне бағытталған. Зерттеу жапон колледжінің студенттерімен олардың жанама бас тартулар мен пікірлерді түсіну қабілетін өлшеу үшін компьютерлік тыңдау тапсырмасын қолданды. Негізгі нәтижелер прагматикалық түсінуді дамытудың динамикалық сипатын көрсететін жеті апталық кезеңдегі дәлдік пен жылдамдықты айтарлықтай жақсартуды қамтиды.

Бұл зерттеудің қорытындылары әсіресе қазақ тілін оқыту үшін өзекті, өйткені олар прагматикалық мағыналарды түсінудің ғана емес, сонымен бірге осы мәндердің өңделу жылдамдығының маңыздылығын көрсетеді. Зерттеу көрсеткендей, тілді үйрену тек дәлдік емес, сонымен қатар нақты қарым-қатынас жағдайында шешуші болып табылатын еркін сөйлеу және жылдам түсіну дағдыларын дамыту болып табылады. Осы дағдыларды дамыту

траекториясына баса назар аудару қазақ тілінің прагматикалық аспектілерін, әсіресе тілді қолдануға тән мәдени және контекстік нюанстарды ескере отырып оқыту стратегияларының негізін құрауы мүмкін.

Наоко Тагучидің 2008 жылғы «Прагматикалық түсінуді дамытудағы оқу ортасының рөлі» зерттеуі әртүрлі оқу орталарының (EFL және ESL контексттері) прагматикалық түсінудің дамуына қалай әсер ететініне назар аударады [4]. Тагучи Жапонияда ағылшын тілін үйренетін жапондық студенттерді (EFL студенттері) Америка Құрама Штаттарында оқитындармен (ESL студенттері) салыстырады. Зерттеу олардың оқу кезеңіне дейін және одан кейінгі жанама бас тартулар мен пікірлерді түсіну қабілетін өлшейді. Негізгі нәтижелер екі топ үшін де уақыт бойынша дәлдік пен түсіну жылдамдығын айтарлықтай жақсартуды қамтиды, бірақ EFL және ESL оқушылары арасындағы осы жақсартулардың шамасындағы айырмашылықтармен. Бұл зерттеудің әртүрлі оқу орталарына және олардың прагматикалық түсініктің дамуына әсеріне баса назар аударуы оқыту әдістерін әртүрлі контексттерге, соның ішінде қазақ тілін үйрену ортасына бейімдеу үшін өте маңызды. Алынған білім әр ортаның бірегей мәдени және тілдік нюанстарын ескере отырып, әртүрлі жағдайларда прагматикалық аспектілерді оқытуға көмектеседі.

Наоко Тагучи бұл зерттеуін жаңа қырынан келесі зерттеуінде қарастырды. 2008 жылғы «Шетелде оқыту контекстінде танымдық қабілеттер, тілдік байланыс және прагматикалық түсінуді дамыту» зерттеуі екінші тілді үйренушілерде, атап айтқанда АҚШ-тағы ағылшын тілін үйренетін жапон студенттерінде прагматикалық түсінуді дамытуды қарастырады [5]. Бұл зерттеу бірегей, өйткені ол ақпаратты өңдеудегі когнитивті қабілеттер мен шетелде оқыту контекстіндегі тілдік байланыстардың саны прагматикалық түсінудің дамуына қалай әсер ететініне бағытталған. Тагучи осы әсерлерді өлшеу үшін прагматикалық тыңдау тестін, лексикалық қол жетімділік тестін және тілдік байланыс сауалнамасын қолданады. Бұл зерттеу тілдік иммерсия және ішкі когнитивті факторлар сияқты сыртқы факторлардың екінші тілдің прагматикалық аспектілерін зерттеуге қалай әсер ететінін түсінуге айтарлықтай үлес қосады. Қазақ тілін оқыту контекстінде бұл идеялар баға жетпес, әсіресе оқушылардың танымдық қабілеттерін де, тілдік тәжірибеге енудің маңыздылығын да ескеретін оқыту әдістерін әзірлеу кезінде.

Наоко Тагучидің 2011 жылғы «Прагматиканы оқыту: тенденциялар мен мәселелер» атты еңбегінде ол екі негізгі бағытқа назар аудара отырып, әдебиеттің кең ауқымын қарастырады [1]. Мұнда прагматиканы зерттеу процесінде әртүрлі оқыту әдістерінің тиімділігін эксперименттік зерттеу және ресми аудиториялық жағдайда прагматиканы дамыту үшін оңтайлы оқыту әдістері мен ресурстарын зерттейтін зерттеулер. Тагучи прагматикалық құзыреттіліктің теориялық құрылымын және оның негізгі сипаттамаларын, сондай-ақ осы ерекшеліктерді оқытудың оқу әдістері мен материалдарын зерттей отырып, прагматикадағы теория, зерттеу және практиканың өзара байланысын атап көрсетеді. Бұл жұмыс прагматикалық құзыреттілік пен оны оқытуға кең және интегративті көзқарасты көрсететін, осы саланы терең және кеңейтілген түсінуді көрсететін Тагучи зерттеулеріндегі маңызды қадамды білдіреді. Қазақ тілін үйрену үшін бұл кешенді тәсілді оқытудың тиімді прагматикалық стратегиялары туралы құнды ақпаратты ұсына отырып, нақты мәдени және лингвистикалық нюанстарды ескере отырып бейімдеуге болады.

Наоко Тагучидің 2011 жылғы «L2 тілді меңгеру деңгейі мен шетелдегі оқу тәжірибесінің прагматикалық түсінікке әсері» зерттеуі тілді меңгерудің нюанстарын түсінуге, әсіресе прагматикалық түсіну контекстінде маңызды үлес болып табылады [6]. Бұл зерттеу ағылшын тілін үйренетін жапондықтардың жалпы қабылданған және дәстүрлі емес Астарларды түсіну қабілетіне тілді меңгеру деңгейі мен шетелде оқу тәжірибесінің әсерін қарастырады. Зерттеу әдістемесі әртүрлі контексттердегі болжамды мәндерді түсінуді бағалау үшін сынақтарды пайдалана отырып, осы факторларды егжей-тегжейлі зерттеуді қамтиды.

Тагучи зерттеуінің негізгі қорытындыларының бірі – тілді меңгеру деңгейі мен шетелде оқу тәжірибесінің имплицаторларды түсінуге әртүрлі әсері. Тагучи тілді білу, ең алдымен, түсіну мәселелеріндегі жауап беру уақытына әсер етеді деп санайды, бұл тілді меңгерудің жоғары деңгейі болжамды мағыналарды тиімдірек өңдеуге әкеледі деп болжайды. Екінші жағынан, шетелде оқу тәжірибесі имплицаторлардың нақты түрлерін, әсіресе мәдениетке байланысты немесе контекстке тәуелді түрлерін түсінуге айтарлықтай әсер етеді.

Тагучидің зерттеулері екінші тілде прагматикалық құзыреттілікке ие болудың күрделілігін атап өтіп, тілді нақты өмірде үйренудің және мәдениетке енудің маңыздылығын атап көрсетеді. Нәтижелер сыныпта оқыту мен тілді меңгеру өте маңызды болғанымен, тілді қолданудың нюанстары, әсіресе прагматикалық аспектілерде, көбінесе натуралистік тілдік ортада жақсы сінетінін көрсетеді. Бұл қазақ тілін оқыту үшін, әсіресе қазақ тілді ортаға еруге мүмкіндігі жоқ оқушылар үшін маңызды салдарға әкеп соғады.

Зерттеу одан әрі тереңдетуге мүмкіндіктер ашады, әсіресе бұл нәтижелерді тіл үйренудің әртүрлі контексттерінде, соның ішінде кең сұңғу мүмкіндіктерін ұсынбайтындарда қалай қолдануға болатынын зерттеуде. Сонымен қатар, бұл мәдени және контекстік элементтерді сыныпта тілді оқытуға қалай тиімді интеграциялау туралы сұрақтар туғызады, бұл әсіресе қазақ сияқты тілдерге қатысты, олардың туған аймақтарынан тыс жерлерде таралу шектелуі мүмкін.

2012 жылы «Прагматикалық даму динамикалық, күрделі процесс ретінде: жалпы заңдылықтар мен жағдайлардың тарихы» атты зерттеуінде Наоко Тагучи екінші тілді үйренудегі прагматикалық дамуды динамикалық және күрделі процесс ретінде қарастырады [7]. Бұл зерттеу Жапонияға еніп жатқан ағылшын тілін үйренетін 48 жапондық студенттерді бақылау арқылы жүргізілді. Зерттеу оқушылардың бір жыл ішінде әртүрлі жағдайларда сұрау мен пікірлерді қолдану жолдарын зерттейді. Бұл олардың мұны оңай және қиын контексттерде қалай орындалатынын қарастырады. Зерттеудің негізгі нәтижелері студенттердің қарапайым жағдайларда сұраныстарды өңдеу сияқты сөйлеу әрекеттерін орындау арқылы тілді дұрыс қолдану деңгейі айтарлықтай жақсарғанын көрсетеді. Дегенмен, олар тілді меңгерудің жоғары деңгейін талап ететін неғұрлым күрделі жағдайларда прагматикалық алға жылжу баяулайды. Бұл әртүрлі контексттерде тілді тиімді пайдалануды үйрену өзіндік күрделілік деңгейі болатынын нақтылады. Сонымен қатар, күрделі жағдайлардағы прагматикалық құзіреттілікті меңгеру ұзағырақ уақыт алатынын көрсетеді. Зерттеу сонымен қатар екі жағдайда да сөйлеу жылдамдығының айтарлықтай өскенін көрсетеді. Бірақ, кейінірек бұл прагматикалық даму тоқтап қалды. Сұхбат барысында алынған сапалы деректер оқушылардың қатысуы және олардың прагматикалық дамумен байланысты әлеуметтенуі туралы түсінік береді. Бұл зерттеу прагматикалық құзыреттіліктің уақыт өте келе қалай дамидынын және осы дамуға әсер ететін факторларды, соның ішінде жеке айырмашылықтар мен оқыту контекстін түсінуге ықпал етеді. Қазақ тілін оқыту үшін бұл білім прагматикалық құзыреттілікті дамытудың серпінді сипатын ескеретін тиімді оқыту стратегияларын әзірлеу үшін мәнді әдебиет.

Наоко Тагучи 2014 жылғы «Прагматиканы зерттеудегі бірлескен диалог» еңбегінде сұрау салудың сөйлеу әрекетін зерттеудегі бірлескен диалогтың рөлін зерттейді [12]. Зерттеуде Оңтүстік Кореядағы кіші орта мектеп оқушыларды үш топқа бөліп қарайды. Алғашқысы бірлескен топ, сосын Жеке және соңғысы бақылау тобы. Бірлескен топ нақты метапрагматикалық ақпаратты алғаннан кейін жұптық диалог құру тапсырмаларын орындады, ал жеке топ сол тапсырмаларды жалғыз орындады, ал бақылау тобы нақты нұсқаулар алмады. Зерттеу мақсатты сұраулардың тақырыптарын құруға және оларды өзгертуге бағытталды. Нәтижелер бірлескен топтың тақырыпты тікелей құрастыруда жеке топтан қарағанда жоғары көрсеткішке қол жеткізгенін көрсетті. Бірақ, сұрау модификацияларында айтарлықтай айырмашылықтар орын алған жоқ. Бұл зерттеу интерактивті тапсырмалар мен бірлескен диалогтардың құрдастарымен қарым-қатынас жасаудың және тілді үйрену кезінде

келіссөздер жүргізудің артықшылықтарын түсінуді ұсына отырып, прагматикалық тілдік дағдыларды алуға қалай ықпал ететінін түсінуге маңызды үлес қосады. Бұл тұжырымдар бірлескен оқыту әдістерінің маңыздылығын көрсететін қазақ тілін оқытудың тиімді стратегияларын әзірлеу үшін ерекше өзекті болуы мүмкін.

2015 жылғы Наоко Такеучидің «Контекстік тұрғыдан: сыныптағы және интернеттегі прагматикалық оқытуға шолу» мақаласы әртүрлі контексттерде прагматикалық оқытуды жан-жақты талдайды [8]. Зерттеу прагматикалық тілдік дағдыларды дамытудағы шетелде оқыту бағдарламаларының, дәстүрлі аудиториялардың және цифрлық оқу орталарының тиімділігін салыстырады. Тагучи әр контекстің бірегей артықшылықтары мен қиындықтарын және олардың әрқайсысы прагматикалық құзыреттілікке қалай оң әсер ететінін атап көрсетеді. Бұл жұмыс оқытушылар мен зерттеушілер үшін тілді үйренудегі қоршаған орта факторларының рөлін түсінуде ерекше құнды. Сол себепті, әртүрлі жағдайларда, соның ішінде қазақ тілінде прагматикалық оқытуды дамыту үшін маңызды ойларды тұжырымдауға мүмкіндік беретін зерттеу. Тагучидің бұл жұмысы әртүрлі әдістер арқылы прагматикалық оқытуды бағалауға бағытталған. Зерттеу студенттердің жеке өзара әрекеттесу кезінде прагматикалық дағдыларды қалай дамытатынын бағалайды. Мысалы, шетелде оқу бағдарламалары арқылы құрылымдалған аудиториялық орта мен дамып келе жатқан цифрлық оқу платформалары салыстырылады. Тагучидің талдауы әр контекстің прагматикалық құзыреттіліктің әртүрлі аспектілеріне қалай әсер ететіндігі туралы егжей-тегжейлі түсінік береді. Оған мысал тілді әр түрлі әлеуметтік жағдайларда түсіну және дұрыс қолдану мүмкіндігін салыстыру. Бұл салыстырмалы тәсіл мұғалімдерге тіл үйренудің прагматикалық стратегияларын әзірлеу кезінде қажет, өйткені ол әр оқу ортасының күшті жақтары мен шектеулерін көрсетеді. Алынған білім осы стратегияларды қазақ тілін оқытуға бейімдеу үшін ерекше маңызды, мұнда прагматикалық дағдыларды дамыту үшін барынша тиімді контекст таңдау өте маңызды.

Наоко Тагучи өзінің 2015 жылғы «Нұсқаулық прагматикаға қысқаша шолу: оқу сабақтары қайда өтті, өтіп жатыр және өтуі керек» атты жан-жақты шолуында прагматиканы оқытудағы оқыту әдістерінің тиімділігін қарастырады [13]. Бұл сыни талдау тіларалық прагматика саласына кең көзқарас ұсына отырып, 58 зерттеуді қамтиды. Тагучидің назары осы зерттеулерде қолданылатын әдістерге, оқу араласуларының әсеріне және оқу нәтижелерінің өзгергіштігіне қатысты. Бұл шолу белгілі бір оқыту тәсілдерінің әмбебаптығы туралы сұрақтар қою арқылы прагматикалық құзыреттілікке ие болудағы оқушылардың контексті мен жеке айырмашылықтарының маңыздылығын көрсетеді. Сыни талдау сонымен қатар бар әдебиеттердегі шектеулерді көрсетеді. Зерттеуден мысалы келтірсек, оқытудың ұзақ мерзімді әсерлеріне шектеулі назар аудару және әртүрлі тілдік және мәдени ерекшеліктерді ескеретін зерттеулердің қажеттілігін ұсынуын айта аламыз. Тагучидің мұндағы жұмысы өткен зерттеулердің қысқаша мазмұны ғана емес, сонымен қатар прагматиканы оқытуда неғұрлым нәзік, контекстке тәуелді және оқушыға бағытталған тәсілдерге шақыруы. Оның идеялары оқу стратегияларын тіл үйренудің әртүрлі жағдайларына, соның ішінде қазақ тіліне бейімдеу ықтималдылығы бар. Бұл мақала прагматикалық дағдыларды оқыту саласындағы болашақ зерттеулер мен тәжірибелерге негіз бола отырып, осы салаға айтарлықтай үлес қосады.

2022 жылы «Прагматикалық тапсырмаларды әзірлеуге арналған иммерсивті виртуалды шындық» зерттеуі оның алдыңғы қатарлы технологияларды прагматикалық құзыреттіліктерді дамытуға қолдану тәсіліне бағытталады [10]. Бұл зерттеу прагматикалық тапсырмаларды әзірлеу кезінде иммерсивті виртуалды шындықты (VR) пайдалануды зерделейді және қатысушылардың виртуалды шындыққа негізделген тапсырмаларда қамтылатын сөйлеу әрекеттерін дәстүрлі компьютерлік тапсырмалармен салыстырады. Оған өтініштер, бас тартулар және пікір білдіру сияқты сөйлеу әрекеттерін орындайтындар қатысады. Мұнда ана тілінде сөйлейтіндер де, жергілікті емес ағылшын тілінде сөйлейтіндер де қатысушылар

саналады. Зерттеу виртуалды ортаның ауызша сөйлеу мен сөйлеу әрекеттерінің стратегиясына әсерін бағалайды және виртуалды шындыққа негізделген әдістер мен дәстүрлі әдістер арасындағы тиімділіктің айтарлықтай айырмашылықтарын анықтайды. Тагучидің мұндағы жұмысы прагматикада виртуалды шындықты қолдануға алғышарттар жасайды. Бұл жаңа технологияның прагматикалық дағдыларды игеруге ықпал ете отырып, тілді үйренудің бірегей, шынайы жағдайларын ұсына алады деп болжайды. Бұл инновациялық тәсіл қазақ тілі сияқты тілдерді оқыту үшін жаңа тәсілдерді дүниеге әкелуі мүмкін. Мұнда технологиялар оқушыларды бай мәдени ортаға ықпалдастыруды қамтамасыз ете алады.

Наоко Тагучидің жақын арада жарияланған «Ойынға негізделген прагматиканы оқыту» зерттеуінде ол прагматикалық тілдік дағдыларды оқытуда оның қолданылуына назар аудара отырып, ойынға негізделген цифрлық оқытудың инновациялық саласына мән береді [9]. Бұл зерттеу қазіргі заманда өзектілігі жоғары. Өйткені, ол технологияны тілдік білімге жұмылдыруға деген қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді. Тагучидің зерттеуі коммуникативтік құзыреттіліктің негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын сұраныстарды өңдеудің прагматикалық аспектісін оқытудағы цифрлық ойындардың тиімділігін арнайы қарастырады. Зерттеу интерактивті ойын ортасы дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырғанда прагматикалық дағдыларды неғұрлым қызықты және тиімді түрде алуға қалай ықпал ететінін терең зерттейді. Тагучидің тәсілі ойынға негізделген оқыту тіл үйренушілер үшін қызықты және контекстке бай ортаны қамтамасыз ете алады деген теорияға негізделген. Бұл әсіресе тілді прагматикалық зерттеу контекстінде өте маңызды. Өйткені, мұнда әртүрлі әлеуметтік контексттерде тілді қолданудың қыр-сырын түсінуге жол ашады.

Тагучиді зерттеу әдістемесі оқушылардың тілді әлеуметтік контексте түсіну және дұрыс пайдалану қабілеті тұрғысынан нәтижелерді бағалай отырып, ойынға негізделген оқытумен дәстүрлі оқыту әдістерін салыстырмалы талдауды қамтиды. Зерттеу студенттердің қатысуы, мотивация және уақыт өте келе прагматикалық білімді сақтау сияқты әртүрлі факторларға мән береді. Негізгі тұжырымдардың бірі оқушыларды тілді прагматикалық және рефлексивті түрде қолдануға шақыратын шынайы интерактивті сценарийлер жасау үшін цифрлық ойындардың әлеуеті жоғары деп бағамдайды.

Бұл цифрлық ойындарға негізделген оқытуды енгізу тілді үйренуді, әсіресе бастауыш сынып оқушылары немесе цифрлық технологияға бейім адамдар үшін тартымды және тиімді ете алатынын көрсетеді. Бұл тәсіл прагматикалық дағдыларды оқыту тәсілін өзгертіп, оны заманауи білім беру технологиялары мен оқушылардың қалауына сәйкес келтіре алады. Сонымен қатар, Тагучидің жұмысы тілдік білім берудегі болашақ зерттеулер үшін маңызды сұрақтар туғызады. Бұл грамматика мен сөздік қорын оқыту үшін ғана емес, сонымен қатар прагматика сияқты тілдің нәзік аспектілері үшін цифрлық инновацияларды тіл педагогикасында қалай оңтайлы пайдалануға болатыны туралы диркурсты ашады. Бұл зерттеу цифрлық дәуірдегі тілдік білім берудің өзгермелі ландшафтын және оның әртүрлі тілдік контексттердегі оқу тәжірибесін жақсарту әлеуетін түсінуге бағытталған ғылыми қадам болып табылады. Наоко Тагучи өзінің зерттеуін ары қарай жалғастырып, 2023 жылғы «Технологияны қолдана отырып тіл үйрену және прагматика: сандық ойындарға негізделген прагматиканы оқытудан алынған тұжырымдар» және «Ағылшын тіліндегі сұраныстарды құрудың ойынға негізделген тәсілі: кері байланыс механизмдерін салыстыру» мақалаларында тіл үйрену мен технологияны интеграциялаудағы жетістіктерді талдайды [14,15]. Бұл зерттеулер ағылшын тіліндегі сұраныстарды құрастыруға баса назар аудара отырып, екінші тілдің прагматикалық аспектілерін оқыту мен оқуды жақсартудағы цифрлық ойындардың әлеуетін зерттейді. Тагучидің осы мақалалардағы жұмысы ойын ортасындағы әртүрлі кері байланыс механизмдері оқушылардың прагматикалық түсінігі мен өнімділігіне қалай әсер ететінін көрсете отырып, тіл үйренудегі контекстке тәуелді және интерактивті тәсілдердің маңыздылығын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері қазіргі цифрлық дәуірде кең таралған, әрі қызықты және тиімді оқу тәжірибесін құрудағы технологияның рөлін көрсете отырып,



оқытушылар мен зерттеушілерге құнды тұжырымдарды ұсынады. Бұл мақалалар тілдік педагогикада, әсіресе коммуникативтік құзыреттіліктің негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын прагматиканы оқытуда технологиялық құралдарды қалай тиімді пайдалану керектігі туралы пікірталасты дамытуға ықпал етеді.

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, осы мақалада қазақ тіліндегі оқушылардың мүддесі үшін прагматикалық құзыреттілік саласындағы Наоко Тагучидің елеулі үлесі сыни тұрғыдан талданды және бейімделді. Жиырма жылдан астам уақытты қамтитын Тагучидің ауқымды зерттеулері әртүрлі педагогикалық контексттерде тиімді прагматикалық оқыту стратегияларын әзірлеуге бай негіз ұсынады.

Тагучидің жұмысына жүйелі шолу прагматикалық құзыреттіліктің негізгі элементтерін түсінуден цифрлық ойындарға негізделген оқыту сияқты инновациялық оқыту әдістерін біріктіруге дейінгі прогресті анықтады. Қазақ тілін оқыту үшін бұл нәтижелер контекстік оқытудың маңыздылығын және технологиялармен жетілдірілген әдістердің әлеуетін көрсетеді. Тагучидің жұмысы оқу әдістерін оқушылардың мәдени және тілдік шындықтарына бейімдеу қажеттілігін көрсетеді. Қазақ тілін оқыту контекстінде бұл қазақ тілді қоғамдастықтың мәдени нюанстары мен прагматикалық нормаларына сәйкес келетін материалдар мен әдістерді әзірлеуді білдіреді. Тагучидің зерттеулеріне сүйене отырып, қазақ тілін үйренушілердің прагматикалық құзыреттілігін арттыру стратегиялары контекстке бай материалдарды біріктіруді, оқытудың интерактивті және технологиялық құралдарын пайдалануды және әлеуметтік жағдайларда тілді практикалық қолдануға назар аударуды қамтуы мүмкін.

Тагучидің теориялық идеяларын практикалық қосымшалармен қиылысу тіл үйренудің жан-жақты және тиімді тәжірибесін құруға негіз береді. Қазақстандағы студенттердің әртүрлі топтары үшін бұл олардың нақты қажеттіліктері мен мәдени шығу тегіне сәйкес оқу тәжірибесін бейімдеуді қамтуы мүмкін, осылайша тілді үйренудің неғұрлым инклюзивті және тиімді ортасын құруға ықпал етеді. Алайда, қазақ тілін оқыту шеңберінде жан-жақты прагматикалық құзыреттілікті ілгерілету кезінде осы идеяларды ескеру маңызды. Тагучидің зерттеуі прагматикалық құзыреттілікке ие болудың қиындығын атап қана қоймайды, сонымен қатар шет тілдері мұғалімдеріне өзгермелі білім беру ландшафтына сәйкес инновациялар мен бейімделуге жол ашады. Цифрлық құралдарды интеграциялау, интерактивті оқытуға бағдарлану және тілді нақты, контекстік пайдалануға баса назар аудару қазақ тілін оқытуды айтарлықтай жақсартатын негізгі әдістер болып табылады. Мұндай тәсіл қазіргі заманғы білім беру үрдістеріне сәйкес қана қоймай, қазақ тілін үйренушілердің нақты қажеттіліктері мен мәдени мәнмәтінін ескереді.

Тағы бір назар аударарлық жайт Тагучидің мақаладағы жұмысын зерттеу тіл үйренудің динамикалық сипатына көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Мұнда мұғалімдерді оқыту әдістерін үнемі бейімдеуге және жетілдіруге шақырады. Осы стратегияларды қолдана отырып, оқытушылар қазақ тілін үйренушілерді прагматикалық құзыреттіліктің қиындықтарын тиімді еңсеру үшін қажетті құралдармен және дағдылармен қамтамасыз ете алады, олардың тілді жақсы меңгеріп қана қоймай, мәдени және коммуникативтік Құзыретті болуын қамтамасыз етеді. Шын мәнінде, Тагучидің зерттеуінен алынған идеялар қазақ тілін үйренушілердің прагматикалық құзыреттілігін арттыру үшін құнды негізді қамтамасыз етеді. Теорияны практикалық қолданумен біріктіретін біртұтас тәсілді қолдана отырып, оқытушылар студенттер тілді де, оның қолданылуын анықтайтын мәдени нюанстарды да терең түсінуге мүмкіндік беретін жағдай жасай алады. Сайып келгенде бұл әртүрлі коммуникативтік контексттерде тиімді өзара іс-қимыл жасауға қабілетті жан-жақты дамыған қазақ тілінде сөйлейтін оқытушылар мен тіл үйренушілерге прагматикалық дамуына ықпал ететін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Taguchi N. *Teaching pragmatics: Trends and issues // Annual Review of Applied Linguistics*. 2011. Vol. 31. 289–310 p.
2. Taguchi N. *Comprehending implied meaning in english as a foreign language // Modern Language Journal*. 2005. Vol. 89, № 4.
3. Taguchi N. *Pragmatic performance in comprehension and production of English as a second language*. 2003.
4. Taguchi N. *The role of learning environment in the development of pragmatic comprehension // Stud Second Lang Acquis*. 2008. Vol. 30, № 4.
5. Taguchi N. *Cognition, language contact, and the development of pragmatic comprehension in a study-abroad context // Lang Learn*. 2008. Vol. 58, № 1.
6. Taguchi N. *The effect of L2 proficiency and study-abroad experience on pragmatic comprehension // Lang Learn*. 2011. Vol. 61, № 3.
7. Taguchi N. *Pragmatic Development as a Dynamic, Complex Process: General Patterns and Case Histories // Modern Language Journal*. 2011. Vol. 95, № 4.
8. Taguchi N. *“Contextually” speaking: A survey of pragmatic learning abroad, in class, and online // System*. 2015. Vol. 48.
9. Taguchi N. *‘Game-based instruction of pragmatics: Learning request-making through perlocutionary effects,’ // Language Learning & Technology*. 2023. Vol. 27, № 1.
10. Taguchi N. *Immersive Virtual Reality for Pragmatics Task Development // TESOL Quarterly*. 2022. Vol. 56, № 1.
11. Taguchi N. *Development of speed and accuracy in pragmatic comprehension in english as a foreign language // TESOL Quarterly*. 2007. Vol. 41, № 2.
12. Taguchi N., Kim Y. *Collaborative dialogue in learning pragmatics: Pragmatic-related episodes as an opportunity for learning request-making // Appl Linguist*. 2016. Vol. 37, № 3.
13. Taguchi N. *Instructed pragmatics at a glance: Where instructional studies were, are, and should be going // Language Teaching*. 2015. Vol. 48, № 1.
14. Taguchi N., Dixon D.H. *Game-Informed Approach to Teaching Request-Making in English: A Comparison of Feedback Mechanics // CALICO Journal*. 2023. Vol. 40, № 2.
15. Taguchi N. *Technology-enhanced language learning and pragmatics: Insights from digital game-based pragmatics instruction // Language Teaching*. 2023. Vol. 24, № 2.

МРНТИ 14.77.03

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.82.2.008>

Б.Омаров<sup>1</sup>, Б. Қуанышбаев<sup>2\*</sup>, А.Исаев<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Түркістан қ., Қазақстан

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ БІЛІМгерлерінің САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰСТАНУ ЖАҒДАЙЫ МЕН ӨМІР СҮРУ САПАСЫН АНЫҚТАУ

### Аңдатпа

Бұл мақалада «Дене шынықтыру және спорт мұғалімдерін дайындау», «Туризм», «Педагогика және психология» және «Математика» сынды білім беру бағдарламаларында білім алушы жоғары оқу орны білімгерлерінің қатысуымен жүргізілген зерттеу нәтижесі жайында баяндалған.

Ғылыми жұмыста Түркістан қаласындағы Халықаралық туризм және меймандостық университеті мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университетінде білім алатын жоғары оқу орнының студенттерінің пәнаралық байланыстарын назарға алу негізінде анықталған нәтижелер қарастырылған.

Мақалада жоғарыда көрсетілген білім беру бағдарламалары студенттерінің салауатты өмір салтын ұстану жағдайы мен олардың өмір сүру сапасына қанағаттану деңгейін анықтауға байланысты жасалынған статистикалық талдаулар баяндалады.

Респонденттердің салауатты өмір салты мен өмірге қанағаттану деңгейлерін анықтау мақсатында, Динер, Эммонс, Ларсен және Гриффин әзірлеген (1985) «Өмір сүру сапасы» шкаласы қолданылды. Ғылыми зерттеу жұмысына жалпы саны 195 (оның ішінде 106 ер бала, 89 әйел) респондент қатыстырылды. Ғылыми зерттеу жұмысында респонденттердің шкалалардан алынған қорытындылары көрсетілген. Зерттеу жұмысына